

«Асыл ана» аналар клубының № 2 отырысының хаттамасы

24.01.2024жыл

Қатысқандар:14

Қатыспағандар:5

Күн тәртібінде:

1. I жартыжылдықтағы мектепте өткізілген іс-шараларды қорытындылау
2. «Қыз намысы – ұлт намысы» тақырыбы бойынша аналардың ой-пікірлері
3. Жоспар бойынша 3 тоқсанға қойылған клубтың жұмысын талқылау
4. Әр түрлі сұрақтар

Бірінші сұрақ бойынша басшының тәрбие жұмысы орынбасары Кененбаева З.К. тыңдалды. Ол жиналған аналар қауымына I жартыжылдықта мектепте өткізілген іс-шаралар бойынша есеп берді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру барысында мектепте «Төр тоқсан төрт өнер» тұжырымдамасының республикалық іс-шаралары уақытымен өткізілді. Сонымен қатар «Тоғыз ай 9 іс шара» тұжырымдамасы бойынша да әр ай белгілі бір республикалық іс-шаралармен өткізіліп отырды. Әр аптаның дүйсенбі күні бойынша сынып сағаттары жоспар бойынша жүргізіліп отырды. Зульфия Кадыровна аналарды мектептің жылдық тәрбие жоспарымен де танысытырп өтті. 1-8 сыныптарда жеке жоспар бойынша Жолда жүру ережелері аясында іс-шаралар өткізіледі. Мектепте 9-11 сыныптар арасында әскери-патриоттық клуб, құқықбұзушылық бойынша «Адал ұрпақ», 8-10 сыныптар арасында «Парасат» дебат клубы, «Үркер» мектеп парламенті, «Жас Ұлан» ұйымы жұмыстарын белсене жүргізіп отырды. Барлық іс-шаралары мектептің жеке сайты мен фейзбук платформасында жарияланады. Мектептің парламенті жүргізетін жеке инстаграмм парақшасы да жұмысын жүргізіп келеді.

Екінші сұрақ бойынша аналар қауымынан «Қыз намысы – ұлт намысы» тақырыбында ой-пікірлер тыңдалды. Қойылған сұрақтар: Қалай ойлайсыз бұл тақырыпқа өз ойыңыз? 2.Қыз бала тәрбиесіне жеткілікті деңгейде көңіл бөліп жатырсыздар ма? 3.Қыздарыңызбен бірге шұғылданатын істеріңіз немесе жұмыстарыңыз бар ма? 4.Қаншалықта қызыңыз сізге сырын айтады? Аналар әр сұрақта өздерінің ойларымен бөлісіп, кеңестерін айтты.

Үшінші сұрақ бойынша аналар клубының төрайымы тыңдалды. Ол өткізілетін іс-шараларды атап, қалай өткіземіз деп жоспарларымен бөлісті. 3 тоқсан ең ұзын тоқсан, осы тоқсанда мерекелер бар: 8 наурыз – халықаралық әйелдер күні, 22 наурыз – ұлттық наурыз мерекесі бар. Соған сәйкес әр ата-ана ойымен бөлісіп, іс-әрекеттер талқыланды.

Шешімі:

1. I жартыжылдықтың іс-шаралары жақсы деп бағалансын.
2. Берілген тақырыпқа сай қойылған сұрақтар басты назарда болып, қыз тәрбиесіне үлкен мән берілсін.
3. 3 тоқсанның аналар клубы жоспарының іс-шаралары рет-ретімен орындалсын.

Басшының ТЖ орынбасары

Аналар клубының хатшысы



З. Кененбаева

Э. Князева-Хмыз